



# Тәуелсіздік жылнамасы

Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойының қарсаңында тұр. Бұл – мемлекеттік жобалардың алғашқы нәтижелерін шығаратын кезең. Бұл жиырма жыл – бүкіл қазақстандықтардың және ел Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ республикамызды тамаша жетістіктерге жеткізу жолындағы қажырлы еңбегі, сара саясатының жемісі.

1991 – 2011 жылдардағы «Дидар» және «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған мақалалар негізінде А.Пушкин атындағы облыстық кітапханасы әзірлеген «Шығыс Қазақстандағы Тәуелсіздік хроникасы» топтамасын оқырмандар назарына ұсынамыз.

## 1991 жыл

16-желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі (12 шақырылым) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы Конституциялық заң қабылдады.

Рудный Алтай. – 1991. – 19-желтоқсан.

## 1992 жыл

### Қаңтар

Халық депутаттары қалалық кеңесінің тапсырысымен КСРО Жоғарғы Кеңесі мен КСРО Қоғамдық сараптау комитеті Өскемен қаласында тұңғыш рет кешенді әлеуметтік-экологиялық сараптама жасады. Сарапшылар облыс орталығын экологиялық апат аймағына енгізу туралы бірауыздан шешім қабылдады.

Рудный Алтай. – 1992. – 1-қаңтар.

### Ақпан

Жұма намазына келіңіз! «Факел» кинотеатрының жанындағы Сафонов көшесі, 35 А үйде уақытша мұсылмандар мешіті ашылды.

Дидар. – 1992. – 13 ақпан.

Шығыс Қазақстанда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш алтыны өндірілді.

Рудный Алтай. – 1992. – 1-ақпан.

### Мамыр

Өскеменде тұңғыш қазақ балабақшасы ашылды. – Рудный Алтай. – 1992. – 19-мамыр.

Армысындар, бір Алтайды егіз еміп, бір Ертістің суын ішкен ағайындар. Қытайлық кәсіпкерлер Шығыс Қазақстанда жәрмеңке өткізді. Дидар. – 1992. – 8-қазан.

Аруағыңнан айналайын Барақ баба! Күршім ауданында Барақ батырдың 300 жылдық мерейтойы аталып өтті.

Дидар. – 1992. – 22-қазан.

### Желтоқсан

А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасында қазақ бөлімі ашылды. – Дидар. – 1992. – 16-желтоқсан.